

Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнаулы өкіліне қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 13 сәуір N 564

Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы

Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету үшін 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтілмеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне 3360 мың (үш миллион үш жүз алпыс мың) теңге бөлсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.